

## **«Білім экспедициясы» – қазақ тілі мен әдебиеті пәні жас мұғалімдеріне арналған ойын-практикум семинары**

2026 жылғы 23 қаңтарда ҚММ «Қостанай қаласы білім бөлімінің №3 мектеп-гимназиясы» базасында қала мектептерінің жас мұғалімдеріне арналған «Білім экспедициясы» атты ойын-практикум семинары жоғары деңгейде ұйымдастырылып, мазмұнды түрде өтті.

Семинардың басты мақсаты – жас педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, заманауи оқыту әдіс-тәсілдерімен тәжірибе алмасуға жағдай жасау және олардың шығармашылық ізденісін қолдау.

Семинар аясында қалалық білім бөлімінің әдіскері Самбулатова Г.Ш. «Жас мұғалімнің әдістемелік портфелін қалыптастыру жолдары» тақырыбында баяндама жасап, облыстық, қалалық және аудандық әдіскерлер қатысқан авторлық бағдарламаның әзірлену алгоритмімен таныстырды. Әдістемелік бірлестік жетекшісі Нұрғалиева Г.Е. бірлестіктің жұмыс жоспарымен таныстырып өтті.

Жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында жоғары деңгейдегі заманауи сабақ үлгілерін көрсеткен тәжірибелі ұстаздар: Нұрғалиева Г.Е., Нұрғалиева Б.Г., Усакбаева А.Н., Шүйкебаева Б.М., Досжанова Р.С., Жанабергенова Ж.К., сондай-ақ жас мамандар Бакен И.Е., Сандибекова М.М., Айдарханова М.С. өз тәжірибелерімен бөлісті.


Іс-шара жылы, еркін атмосферада ұйымдастырылып, музыкалық сүйемелдеу, визуалды шолу, QR-код арқылы топқа бөлу сияқты заманауи форматтар тиімді қолданылды. Қатысушылар жас ерекшеліктерін ескере отырып, үш бағыт бойынша жұмыс жасады: «Білімнің түп-тамыры», «Жүйрікті баптау», «Қырандарды бағыттау».

Семинар барысында ойын элементтері, мини-практикум, практикалық кеңестер, мини-челленджер, сараптамалық талдау, топтық рефлексия және кері байланыс әдістері кеңінен қолданылды. Әр бағытта жас мұғалімдер өз тәжірибелерімен бөлісіп, кәсіби пікір алмасуға мүмкіндік алды.

Қорытынды бөлімде қатысушылар еркін форматта рефлексия жүргізіп, «Қуат қапсуласы» әдісі арқылы семинардан алған әсерлері мен кәсіби ой-тұжырымдарын ортаға салды.

Аталған ойын-практикум семинары жас мұғалімдердің кәсіби дамуына серпін беріп, шығармашылық әлеуетін арттырған, мазмұны бай әрі нәтижелі іс-шара ретінде жоғары бағаланды.









Гілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады  
А. Байтұрсынұлы

# Маған пәсикалық зыка ұнайды



7.2.2.1 - кеңес беру, ұсыныс  
жасаудың түрлі формалары  
жағдаяттарына сай ұлттық  
әдебі мен сөйлеу этикасы  
формаларын қолдана білу

мәтіннің  
түсіну,  
тіктілігін

1. Шығарманың
2. ...
3. ...
4. ...

